

«Келісілді»

№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасының

менгерушісі

Р.Ж.Урынтаева

«Бекітілді»

№23 «Ынтымақ»

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

С.Умиралиева

«№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы» бойынша

Қамқоршылық кеңестің 2022-2023 жылға арналған жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Өткізу түрі	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1.	«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 ж. 27 шілдедегі №355 бұйрығымен танысу	әкімшілік жанындағы кеңес	қаңтар	Балабақша әкімшілігі
2.	Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің жұмысымен танысу Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу (төрайымы, орынбасары, жауапты хатшы). Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру және бекіту	№1 жалпы отырыс	ақпан	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі
3.	«1 Наурыз - Алғыс айту күніне» арналған шара	ұйымдастыру, бақылау	наурыз	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі
4.	№23 бөбекжай-бақшада «Балаларды қорғау күнін» ұйымдастыру. Қалалық «Айгөлек» балалар шығармашылығының фестиваліне қатысатын бөбекжай-бақша тәрбиеленушілеріне қолдау көрсету.	№2 жалпы отырыс; ұйымдастыру, бақылау	сәуір	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі
5.	«Қош бол, балабақша!» ертеңгілігі	ұйымдастыру, бақылау	мамыр	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі
6.	Балабақша тәрбиеленушілерін тамақтанумен қамтамасыз ету	№3 жалпы отырыс;	маусым	Қамқоршылық кеңес,

	жұмыстарын ұйымдастыру.	ұйымдастыру, бақылау		балабақша әкімшілігі
7.	Көп балалы отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету	ұйымдастыру, бақылау	шілде	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі
8.	2023 жыл қорытындысы. Жылдық есеп беру. 2024 оқу жылына жаңа жұмыс жоспарын құру	№4 жалпы отырыс	тамыз	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

14 желтоқсан 2022 ж.

№ *106*

Амангелді ауылы

село Амангелды

**Қамқоршылық кеңес құрамын
жаңарту туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№23 «Ынтымақ» бөбекжай – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында Қамқоршылық кеңес құрылды.

2. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамы:

- Умиралиева Салтанат Молдабайқызы – Дамбы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы – қамқоршылық кеңес төрайымы
- Тюлегенова Зульфия Михайловна – Ата-ана комитеті төрайымы
- Камзаев Ерлан Утегенович – Құрманғазы мәдениет үйінің режиссері
- Кенжеева Нұрбақыт Даулбайқызы – Ата-ана комитеті төрайымы
- Утегалиева Света Сергеевна – Жеке кәсіпкер
- Капанова Молдир Асхаровна – Ата-ана комитеті төрайымы
- Мұхиев Ануар Орынбасарұлы – Жеке кәсіпкер
- Жамелов Ришат Мырзабаевич – полиция аға-лейтенанты
- Тлепбергенова Асыл Санатовна – кәсіподақ комитетінің төрайымы
- қамқоршылық кеңес хатшысы.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау жауапкершілігі өзіме қалдырылсын.

Бөбекжай-бақшасы меңгерушісі:

Р.Ж.Урынтаева

**«№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы» КМҚК
қамқоршылық кеңесі отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 03.02.2023 жыл

Өткізілген орны: «№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы»

Қатысқандар:

1. №23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы меңгерушісі Урынтаева Рима Жұмалықызы
2. №23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы әдіскері Аяшова Жадыра Ахметқызы
3. №23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы кәсіподақ төрайымы Тлепбергенова Асыл Санатқызы
4. Дамбы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, қамқоршылық кеңес төрайымы Умиралиева Салтанат Молдабайқызы
5. Дамбы ауылдық кітапханашы, ата-ана комитеті төрайымы Тюлегенова Зульфия Михайловна
6. Құрманғазы мәдениет үйінің режиссері Камзаев Ерлан Утегенович
7. Жеке кәсіпкер Утегалиева Света Сергеевна
8. Жеке кәсіпкер Мұхиев Ануар Орынбасарұлы
9. Полиция аға-лейтенанты Жамелов Ришат Мырзабаевич
10. Ата-ана комитеті төрайымы Капанова Молдир Асхаровна
11. Ата-ана комитеті төрайымы Кенжеева Нұрбақыт Даулбайқызы

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің жұмысымен танысу.
2. Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу (төрайымы, орынбасары, жауапты хатшы).
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру және бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша директор Урынтаева Рима Жұмалықызы сөз алды: «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда №15584 болып тіркелгенін айтып, таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің нұсқауымен және кейбір тарауларын оқып таныстырды.

1. Қамқоршылық кеңес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан

Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнаулы, медициналық және фармацевтикалық оқу орындарына, мемлекеттік емес білім беру ұйымдарына, сондай-ақ акционерлік қоғам нысанында құрылған мемлекеттік коммерциялық емес білім беру ұйымдарын қоспағанда білім беру ұйымдарында құрылатындығын, және Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайтындығы туралы айтып өтті.

2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттігін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органы өзінің интернет қорында және/немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында Қамқоршылық кеңестің құрылатындығы және оның құрамы бойынша ұсыныстардың қабылданатындығы туралы хабарландыру қазақ және орыс тілдерінде орналастырады. Ұсыныстарды қабылдау хабарландыру жарияланған күнінен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- 1) жергілікті, өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер және әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- 3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- 4) ата-аналар комитеті ұсынған параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушының бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
- 5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады.

3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді. Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

4. Мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып сайланбайды және оның міндеттерін жүзеге асырмайды. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша оның қызметін Қамқоршылық кеңес құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерінен басқа Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

5. Қамқоршылық кеңестің хатшысы білім беру ұйымдарын қызметкерлері арасынан тағайындалады және ол Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің дайындығын, өткізілуін, материалдар мен отырыс хаттамасының рәсімделуін қамтамасыз етеді.

6. Басқа ұйымдық-құқықтық нысаны түрінде құрылған білім беру ұйымдары үшін - екінші деңгейлі банкте ашылған шотына аударылады, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға шығыстарды жүзеге асыруға. Білім беру ұйымы жыл сайын жылдың қорытындысы бойынша сол білім беру ұйымының интернет-ресурсында уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органының өзінің интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатының пайдаланылуы және қозғалысы туралы жұртшылыққа ақпарат бере алатындығы айтылды.

7. Білім беру ұйымының қайырымдылық көмектен аударылатын кез келген түсімдері:

- 1) мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысаны түрінде құрылған білім беру ұйымдары үшін - Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшеде ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шотына;
- 2) басқа ұйымдық-құқықтық нысаны түрінде құрылған білім беру ұйымдары үшін - екінші деңгейлі банкте ашылған шотына аударылады.

8. Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер:

- 1) білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге әлеуметтік қолдау көрсетуге;
- 2) білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;
- 3) спортты дамытуға, дарынды балаларды қолдауға;
- 4) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға шығыстарды жүзеге асыруға.

9. Білім беру ұйымы жыл сайын қаржылық жылдың қорытындысы бойынша сол білім беру ұйымының интернет-ресурсында тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органының өзінің интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатының пайдаланылуы және қозғалысы туралы жұртшылыққа ақпарат береді.

10. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

- 1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша;
 - 2) білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.
11. Қамқоршылық кеңестің мүшесі:

- 1) өз бастамасы бойынша;
- 2) отырыстарда себепсіз қатарынан үш рет болмауы себепті Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылады.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша кеңес мүшелері бірауыздан:

Умиралиева Салтанат Молдабайқызы – Қамқоршылық кеңес төрайымы
Тюлегенова Зульфия Михайловна - Қамқоршылық кеңес мүшесіне
Камзаев Ерлан Утегенович - Қамқоршылық кеңес мүшесіне
Утегалиева Света Сергеевна - Қамқоршылық кеңес мүшесіне
Мұхиев Ануар Орынбасарұлы - Қамқоршылық кеңес мүшесіне
Жамелов Ришат Мырзабаевич - Қамқоршылық кеңес мүшесіне
Капанова Молдир Асхаровна - Қамқоршылық кеңес мүшесіне
Кенжеева Нұрбақыт Даулбайқызы - Қамқоршылық кеңес мүшесіне
Тлепбергенова Асыл Санатқызы - Қамқоршылық кеңес хатшысына сайлады.

Үшінші мәселе бойынша қамқоршылық төрайымы жұмыс жоспарымен таныстырды, ал отырыс мүшелері болса осы жұмыс жоспарымен келісті. Жұмыс жоспары бекітілді.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



С.Умиралиева

Хатшы:



А.Тлепбергенова

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 хаттамасы.**

Өткізу мерзімі: 5.04.2023 жыл

Қатысқандар саны: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. № 23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшада «Балаларды қорғау күнін» ұйымдастыру. Қалалық «Айгөлек» балалар шығармашылығының фестиваліне қатысатын бөбекжай-бақша тәрбиеленушілеріне қолдау көрсету.

Тыңдалды:

2. Ата-ана Капанова Молдир сөз алып, бөбекжай-бақша тәрбиеленушілерінің қалалық байқауларға қатысуларына қолдау көрсету ұсынысын білдірді.
3. Ата-ана Кенжеева Нұрбақыт 1 маусым-балаларды қорғау күніне жылда балабақшада жұмыс жоспарына сәйкес түрлі ойын-сауықтар ұйымдастырылатынын айтып, балабақшаның жұмысына жақсы баға берді.
4. Қамқоршылық кеңестің төрайымы Умиралиева Салтанат жұмыстың негізгі бағыттары бойынша өткізілетін қайырымдылық акциялар туралы айтып өтті, соның ішінде әлеуметтік қорғаудағы отбасылардың балаларына қосымша көмек беру керек екендігіне назар аударды. Бөбекжай-бақшада балабақша тәрбиеленушілеріне 1 маусым-балаларды қорғау күніне арналған іс шаралар ұйымдастыруға ат салысуды ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері бірауыздан бұл ұсынысқа келісті.

Шешімі:

1. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілерге уақытында қолдау жүзеге асырылсын.
2. 1 маусым-балаларды қорғау күніне арналған іс шаралар жоспары жүзеге асырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



С.Умиралиева

Хатшы:



А.Тлепбергенова

Қамқоршылық кеңес отырысы

№ 3 хаттамасы

Өткізу мерзімі: 14.06.2023 жыл

Қатысқандар саны: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Балабақша тәрбиеленушілерін тамақтанумен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1. Бөбекжай-бақша меңгерушісі Р.Ж.Урынтаева кеңеске қатысушыларға бөбекжай-бақшасының азық түлікті тасымалдаушы өнім берушілерден түскен хаттармен таныстырды. Ағымдағы кезеңге арналған, инфляция деңгейіне сәйкес, өнім берушілер азық-түлік бағасының қымбаттауына байланысты бағаны қарастыруға өтініш білдірді. Меңгеруші бөбекжай-бақшадағы тәрбиеленушілерді тамақпен қамтамасыз ету мақсатында азық түлік бағаларына мониторинг жүргізу керектігін айтты. Ата-аналар жарнасы 3 жасқа дейін 627 теңгені, 3 жастан 6 жасқа дейін 784 теңгені құрайтындығына тоқталды. Бұл баға 22.06.2022 жылы қала әкімінің қаулысымен бекітілген болатын. Азық түліктерді сатып алу ҚР Білім және ғылым министрінің 24 мамыр 2021 жылғы № 231 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылып, ағымдағы жылдың желтоқсан айында мемлекеттік сатып алу порталында бекітіледі.
2. Комиссия мүшесі ата-ана Кенжеева Нұрбақыт азық-түлік бағасының қымбаттауы өңірімізде анық сезіле бастағаны белгілі. Ұлттық статистика басқармасының бағаларына, сонымен қатар нарық бағаларына сәйкес зерделеу жүргізіліп, бағаларды қарастыруға ұсыныс білдірді.
3. Ата-ана Капанова Молдир тәрбиеленушілердің тамақтандырылуы сапалы, толыққамды болу керек. Сондықтан азық-түліктер сапасы жоғары болуы тиіс. Балаларға ас мәзірі бойынша берілетін тамақтың нормасы сақталып, сапасы жақсы болу керек.

Шешім:

1. Азық-түлік бағаларына мониторинг жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



С.Умиралиева

Хатшы:



А.Тлепбергенова

Қамқоршылық кеңес отырысының

№4 хаттамасы

Өткізу мерзімі: 22.08.2023 жыл

Қатысқандар саны: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай-бақшаның жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы.
2. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту.
1. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша директоры Р.Ж.Урынтаева бөбекжай-бақшаның жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығымен таныстырды. Қамқоршылық кеңес жұмысы ата-аналар жиналыстарында талқыланды.
2. Сөз алды: Умиралиева Салтанат қамқоршылық кеңес төрайымы жаңа оқу жылының басымен құттықтап, балалардың балабақшада сапалы білім мен саналы тәрбие алумен қатар ең басты міндеттердің бірі –бұл балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту болып табылатынын айтты. Бұл мәселе балабақша қызметкерлерімен қатар барлық ата-аналардың назарында болуы тиіс. Ата-аналарда балабақшамен жасасқан келісім шарт негізінде өз міндеттерін толықтай орындау қажет.
3. Құрманғазы мәдениет үйінің режиссері Камзаев Ерлан Утегенович мектепке дейінгі ұйыммен біріккен шараларымызды ұйымдастырып, жұмысымызды жалғастырамыз.

Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылында тәрбиеленушілердің тіршілік әрекетін ұйымдастыру жүзеге асырылсын.
2. Бөбекжай-бақшасында барлық санитарлық талаптар қатаң сақталсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



С.Умиралиева

Хатшы:



А.Тлепбергенова

БЕКІТЕМІН: 
«№23 «БІНТІМ» ЖАМАНЖАҒА АРНАЛҒАН ЖҰМАСЫ»
менгерушісі: 

**Қамқоршылық кеңесінің 2023 – 2024 оқу жылына арналған жұмыс
жоспары**

№	Атқарылатын жұмыстар	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1 отырыс 1. Қамқоршылық ережесімен таныстыру 2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатшысын сайлау 3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту	Ұйымдастыру жұмыстары	Қазан	Менгеруші Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
2	№2 отырыс 1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік қызмет көрсету/балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі 2. Оқу жылына арналған жұмыс жоспары, қойылған талаптар, мақсат, міндеттер	Бақылау, таныстыру	Ақпан	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Менгеруші
3	№3 отырыс 1. Балабақша балаларының тамақтануын ұйымдастыру, сапасын бақылау 2. Науқастану мен сауықтыру жұмыстарын жүргізу	Бақылау	Мамыр	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері Медбике

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама №1

Өткізілетін уақыты: 05.10.2023 жыл.

Өткізілген орны: «№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы» КМҚК.

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің жұмысымен танысу.
2. Кеңсе мүшелерінің міндеттерін бөлу.
3. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын құру және бекіту.
4. Балабақшада ертеңгіліктер, сайыстар мен ойын-сауықтар өткізу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгеруші м.у.а. Тлепбергенова А.С. сөз алып: -Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрықтармен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңестің нұсқауымен және кейбір тарауларын оқып таныстырды.

Қамқоршылық кеңес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік орындарына Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігіне, Денсаулық сақтау министрлігіне, мемлекеттік білім беру ұйымдарында құрылатындығын, қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігіне, ата-аналар комитетімен және жеке заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайтындығы туралы айтып өтті. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттік орындауы өтеусіз негізінде жүзеге асырылады. Қамқоршылық кеңестің құрылымындағы және оның құрамы туралы хабарландыру орналастыру қазақ және орыс тілдерінде орналастырылады.

Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- Жергілікті атқарушы билік және құқық органдарының өкілдері
- Жұмыс берушілер және әлеуметтік әріптестер өкілдері
- Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері
- Ата-аналар
- Қайырымдылық жасаушылар

Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе орынбасары қатысады.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, кемінде 9 адамнан тұрады.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілетті мерзімі үш жыл.

Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

Қайырымдылық көмектерден түскен түсімдер:

- Білім беру ұйымындағы тәрбиеленушілерге қолдау көрсетеді
- Білім беру ұйымының материалдық техникалық базасын жетілдіреді
- Спортты дамытуға
- Стандарт талаптарына тыс білім беру процесін ұйымдастыруға, шығыстарды жүзеге асыруға

Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

- Тиісті саланың уәкілетті органның немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органдарының бастамасы бойынша - Білім беру ұйымының таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі:

- Өз бастамасы бойынша
- Отырысқа себепсіз қатарынан үш рет қатыспаса, қамқоршылық кеңес қатарынан шығарылады.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша кеңес мүшелері бір ауыздан:

1. Қамқоршылық кеңес төрайымы Умиралиева С.М.
2. Қамқоршылық кеңес мүшесі- Тюлегенова З.М.
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі-Капанова М.А.
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі-Камзаев Е.У.
5. Қамқоршылық кеңесі-Утегалиева С.С.
6. Қамқоршылық кеңес мүшесі- Кенжеева Н.Д.
7. Қамқоршылық кеңес мүшесі Мұхиев А.О.
8. Қамқоршылық кеңес мүшесі- Тасболат Ж.К.
9. Қамқоршылық кеңес хатшысы- Имангалиева Г.Т.

Үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы жұмыс жоспарымен таныстырды, ал мүшелері сол жоспармен келісті. Жұмыс жоспары бекітілді.

Қаулы:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №355 27.07.2017 ж. бұйрығын басшылыққа алып, жұмыс жасалынсын.
2. Қамқоршылық кеңес тағайындалған құрамымен өз жұмыстарын алға қойып, қамқоршылық жұмыстарының жасалынуына ат салыссын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



С.Умиралиева

Хатшы:



Г.Т.Имангалиева

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама № 2

Өткізілетін уақыт: 02.02.2024 жыл

Өткізілген орны: «№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы» КМҚК.

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау балалардың балабақшаға қабылдану тәртібі.
2. Оқу жылына арналған жұмыс жоспары, қойылған міндеттер, максаттар.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгеруші м.у.а. Тлепбергенова А.С. сөз алып, алғашқы сұрақ бойынша қысқаша мәлімет берді.

Балаларды балабақшаға «indigo-atyrau.e-orда» порталы арқылы қабылданатынын, ол порталға еркін барлық ата-ана кіріп, өз бүлдіршіндерін кезекке қоя алатындықтарын айтты. Бірінші бес қадамды толтырғанда Республикалық гугл порталынан балаға кезекке қойған реттік саны келетінін, содан соң жеке кабинет ашып қала бойынша кезекке қоятындықтарын, балабақша бос орын тастаған кезде сол орынды портал арқылы алатындықтарын айтып өтті. Балаға бос орын бір күн бұрын түседі, ертеңіне сол орынды ата-ана кезекті реттік саны жетіп тұрса ала алады. Сонымен қатар, көп балалы ата-аналарға, педагог мамандарына, әскери қызметтегілерге, мемлекеттік қызметтегілерге, ата-ана немесе балаларының бірі мүгедектігі бар адамдарға жеңілдік бар екенін, бірақ оған анықтама өткізіп, қалалық білім басқармасы растау керектігін айтты. Содан соң Қамқоршылық кеңес мүшелері «indigo-atyrau.e-orда» порталына кіріп көріп, бақылап отырады.

Жарыс сөздер:

-Әрине, заман талабына сай жасалған порталға әрбір ата-ана кіріп, өз бүлдіршіндерін жолдама алу үшін кез келген есікті сығаламай баласының жасы жетіп тұрса ала алады екен.

-Жақсы ойланып іске алынған дүние екен.

Ата-ана ешкімге тәуелді болып, балаларын өздері қалаған балабақшаға бере алады екен, ол үшін менің түсінігім бойынша кезекке қоюлары керек сияқты. Ертерек кезекке қойса, ертерек ала алады екен.

Екінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесі Капанова М.А. балабақша алдына қойған жылдық міндеттері мен мақсаттарына жетуде, оны әрбір тәрбиешінің ата-аналарының қарым-қатынасынан көруге болады, балаларға үй тапсырмаларын беріп, бақылап отырады. Мерекелік іс-шаралар, ертенгіліктер, семинарлар уақытылы өтілін отырады.

Қаулы:

1. Балаларды балабақшаға қабылдау портал арқылы жүргізілсін.
Жауапты: балабақша әкімшілігі

2. Балалардың денсаулығы мен өмірін сақтау мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар күнделікті жоспар бойынша жүргізіліп отырсын.
Жауапты: педагогикалық ұжым.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



С.Умиралиева

Хатшы:



Г.Т.Имангалиева

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама № 3

Өткізілетін уақыт: 23.05.2024 жыл

Өткізілген орны: «№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы» КМҚК.

Күн тәртібінде:

1. Балабақша балаларының тамақтануын ұйымдастыру, сапасын бақылау.
2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері Тюлегенова З.М. бірге балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындайтын зоналармен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Балабақшаның жазғы, қысқы 10 күндік меню-калькуляциямен танысты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Ибраева Алма Нығметоллақызы балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сонымен қатар медико-профилактикалық шаралар атап айтқанда, дәруменді терапия С дәрумені кальциймен, көктем-күз айларында берілсе, тәтті бал мен лимон қосыныдысы, мұрынға оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді:

Утегалиева Света: балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын, - деді.

Кенжеева Нұрбақыт: балабақшадағы науқастанудың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарының барлығына қанағаттанамын. Әсіресе тәтті бал мен лимон қосындысы қыс мезгіліндегі вирусты аурулардың алдын алуға көмектеседі,-деді.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Утегалиева Света қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру және науқастанудың алдын алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

- 1.Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін;
- 2.Балабақшада тәрбиеленушілердің науқастануын алдын алу және сауықтыру шаралары жеткілікті ұйымдастырылған деп есептелсін;

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



С.Умиралиева

Хатшы:



Г.Т.Имангалиева

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже ҚР Білім және ғылым министрінің 27.07.2017 ж. № 355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.2. Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымдарды алқалық басқару нысандарының бірі.

1.3. Қамқоршылық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын, мектепке дейінгі ұйымның Жарғысын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті

2.1. Қамқоршылық кеңесті құрудың мақсаты мектепке дейінгі ұйымға оның жарғылық функцияларын жүзеге асыруда, қаржылық қолдауды қамтамасыз етуде, материалдық-техникалық базасын нытайтуда жәрдемдесу, сондай-ақ оның қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

2.2. Қамқоршылық кеңестің міндеттері:

- Мектепке дейінгі ұйымда балалар құқықтарының сақталуын, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуды бақылауды жүзеге асыру.
- Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу.
- Мектепке дейінгі ұйымды дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу.
- Құрылғы мәселелері бойынша шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.
- Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қазақстандық азаматтардың отбасына орналастыру мәселелері бойынша шараларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.
- Мектепке дейінгі ұйымға қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлуге қатысу және оны мақсатты жұмсау туралы шешім қабылдау.
- Мектепке дейінгі ұйымның бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлеу.
- Тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңестің мектепке дейінгі ұйым жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу.
- Мектепке дейінгі ұйым басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметтерін сапалы ұсыну туралы, қайырымдылық көмекті пайдалану және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қазақстандық азаматтардың отбасына орналастыру бойынша қабылданатын шаралар туралы есептерін тыңдау.
- Мектепке дейінгі ұйым қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысу.
- Мектепке дейінгі ұйымның қызметімен, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес тәрбиеленушілерге ұсынылған жағдайлармен танысу.

3. Қамқоршылық кеңесінің құрамы

3.1. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (болған жағдайда);
- ата-аналар;
- қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

3.2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

3.3. Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің құрамы /_____/ облысы әкімдігінің білім басқармасы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болып табылады және кемінде тоғыз адамды құрайды.

3.5. Қамқоршылық кеңестің мүшелері МДҰ қызметкерлерінің штатына кірмейді.

3.6. Қамқоршылық кеңестің басшысы Қамқоршылық кеңестің отырысында сайланатын оның төрағасы болып табылады. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырады және Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес оның қызметін қамтамасыз етеді.

3.7. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Қамқоршылық кеңестің құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерін қоспағанда, Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

3.8. Қамқоршылық кеңестің жұмысын хатшы қамтамасыз етеді. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Білім беру ұйымы қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады және қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізуді, ресімдеуді қамтамасыз етеді.

4. Қамқоршылық кеңестің құқықтары

4.1. Қамқоршылық кеңестің құқығы бар

- мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын дамыту үшін Қамқоршылық кеңес ұсынған қаржы қаражатын пайдалану бөлігінде мектепке дейінгі ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау;
- мектепке дейінгі ұйымның даму перспективаларымен танысу, тиісті түзетулер енгізу;
- қайырымдылық көмектің негізгі бағыттарының іске асырылуын бақылау;
- қайырымдылық қаражатын бөлу тәртібін, олардың мөлшері мен оларды пайдалану бағыттарын белгілеу;
- ата-аналар қауымдастығын өз жұмысы туралы үнемі хабардар ету;

5. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

5.1. Қамқоршылық кеңестің отырысын төраға өз бастамасы бойынша, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің бастамасы бойынша шақырады.

5.2. Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарламаға Қамқоршылық кеңестің төрағасы қол қояды және қамқоршылық кеңестің мүшелеріне және қамқоршылық кеңес жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйымға қажетті материалдармен бірге отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі. Хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны қамтылады. Хабарламаға бағдарламашы көрсетіле отырып, отырыстың күн тәртібі, аталған мәселелерді күн тәртібіне енгізу уәждерін көздейтін анықтамалық материалдар, Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне отырысқа ұсынылатын қажетті құжаттар қоса беріледі.

5.3. Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу туралы хабарлама алған Қамқоршылық кеңестің мүшесі ол өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің хатшысына өзінің қатысқаны немесе қатыспағаны туралы хабарлайды.

5.4. Қамқоршылық кеңестің төрағасы шақыру туралы ұсыныс келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің отырысын шақырады.

5.5. Қамқоршылық кеңестің отырысы қажеттілігіне қарай оның жұмыс жоспарына сәйкес тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

5.6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің өкілдері оның отырыстарына дауыс беру құқығынсыз байқаушы ретінде қатысуға жіберіледі.

5.7. Қамқоршылық кеңес, егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

5.8. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде оны беру құқығынсыз бір дауысқа ие болады.

5.9. Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелерінің тең құқықтары бар.

5.10. Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған кезде Қамқоршылық кеңестің төрағасы, ал ол болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңес төрағасының функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

5.11. Мектепке дейінгі ұйымға қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады.

5.12. Мектепке дейінгі ұйым қабылдаған қайырымдылық көмектен түсетін кез келген түсімдер

- мемлекеттік мекеменің ұйымдық – құқықтық нысанында құрылған білім беру ұйымдары үшін-Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол акшасын бақылау шотына;

- өзге ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған білім беру ұйымдары үшін-екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа аударылады.

5.13. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер мынадай мақсаттарға жұмсалады:

- мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау;
- мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау;
- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға арналған шығыстарды жүзеге асыру.

5.14. Мектепке дейінгі ұйым жыл сайын қаржы жылының қорытындылары бойынша жұртшылықты мектепке дейінгі ұйымның тиісті саланың уәкілетті органының білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурстарында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатын пайдалану және қозғалысы жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы хабардар етеді.

6. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

6.1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

- тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;
- мектепке дейінгі ұйымды тарату және қайта ұйымдастыру кезінде жүзеге асырылады.

6.2. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан:

- жеке бастамасы бойынша;
- отырыстарда дәлелсіз себептермен қатарынан үш реттен артық болмауына байланысты шығарылады.

7. Қамқоршылық кеңестің іс қағаздарын жүргізу

7.1. Қамқоршылық кеңесінің отырысы хаттамамен ресімделеді.

7.2. Қамқоршылық кеңестің отырыстарында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімдері мен орындауға жауапты адамдар көрсетіле отырып шешім шығарылады. Кеңестің кезекті отырыстарында Төраға Қамқоршылық Кеңестің алдыңғы отырысының шешімін орындау нәтижелері бойынша қорытынды шығарады.

7.3. Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасына отырысқа қатысқан Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері қол қояды және отырыс өткізілгеннен кейін үш күн ішінде жергілікті атқарушы органға жіберіледі, ол қабылданған шешімдер туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

7.4. Қамқоршылық кеңесі отырыстарының хаттамалар кітабы әр беті нөмірленуі, түптелуі, білім беру ұйымы басшысының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен бекітілуі тиіс.

Ережемен таныстық және келісеміз:

1. /Т.А.Ә./ _____ /Қолы/

2. /Т.А.Ә./ _____ /Қолы/

3. /Т.А.Ә./ _____ /Қолы/

4. /Т.А.Ә./ _____ /Қолы/

5. /Т.А.Ә./ _____ /Қолы/

6. /Т.А.Ә./ _____ /Қолы/

7. /Т.А.Ә./ _____ /Қолы/

8. /Т.А.Ә./ _____ /Қолы/

9. /Т.А.Ә./ _____ /Қолы/

Қамқоршылық кеңес туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже заңды тұлға мәртебесі жоқ Қамқоршылық Кеңестің жұмыс тәртібін, қызметін, міндеттерін, жұмыстың мазмұнын және ұйымдастыруды реттейді.

1.2. Қамқоршылық кеңестің мақсаты – балабақшаның тиімді қызмет етуі мен дамуына ықпал ету.

2. Қамқоршылық кеңестің қызметі

2.1. Кеңестің қызметіне әр түрлі әлеуметтік-кәсіби топ тұрғындарын тарту.

2.2. Балаларды сауықтыру, тәрбиелеу және оқыту бойынша неғұрлым тиімді жұмыс үшін жағдайлар жасауға экономикалық- қайырымдылық көмек.

2.3. Саяси – өмірге мемлекеттік (өңірлік) білім беру саясатын жүргізу.

3. Қамқоршылық кеңестің міндеттері

3.1. Ата-аналар арасында балалардың алған білімдерінің және сауықтырудың сапасының одан әрі азаматтың әлеуметтік мәртебесін анықтау үшін маңыздылығын түсінуді қалыптастыру.

3.2. Білім саласында өмірге мемлекеттік саясатты жүргізу.

4. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру

4.1. Қамқоршылық кеңес қайырымдылық қызметті жүзеге асыру үшін, өз еріктерімен жалпы ата-аналар жиналысында құрылады.

4.2. Қамқоршылар (ата-аналар) қауымдастығы өз құрамынан тұрақты қызмет ететін үйлестіруші орган-Қамқоршылық Кеңес сайлайды. Қамқоршылық Кеңес мүшелерінің санын, оның өкілеттігінің мерзімін Құрылтай жиналысы бекітеді. Қамқоршылық Кеңес мүшелерінің тақ саны ұсынылады (екі өкіл (ата-аналар) –топтан), өкілеттік мерзімі- 1 жыл. Балабақша басшысы Қамқоршылық Кеңестің құрамына кіреді.

4.3. Қамқоршылық Кеңес өз құрамынан төраға мен хатшыны Қамқоршылық Кеңес өкілеттігінің мерзіміне (1 жыл) сайлайды. Қажет болғанда Кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау өкілеттік мерзімі біткенге дейін мүмкін.

4.4. Қамқоршылық Кеңестің отырыстары қажет болғанда, бірақ тоқсанда 1 реттен сирек емес өткізіледі.

4.5. Қамқоршылық Кеңес қамқоршылардың жалпы жиналысын шақырмай-ақ өз шешімімен басқа да мүшелерді: балабақшаға қайырымдылық көмек көрсетуге тілек білдірген жеке және заңды тұлғаларды қабылдай алады.

4.6. Қамқоршылық Кеңестің барлық шешімдері оның мүшелерінің 2/3 кем емес болғанда көпшілік дауыс берумен қабылданады, шешім хаттамамен

ресімделеді, Қамқоршылық Кеңестің төрағасымен және хатшысымен қол қойылады.

4.7. Құжаттама Қамқоршылық Кеңестің төрағасында сақталады.

4.8. Қамқоршылық кеңес мүшелері өз қызметтерін өтеусіз негізде жүзеге асырады.

5. Қорытынды ереже

5.1. Қамқоршылық Кеңес балабақша Жарғысына сәйкес және білім саласындағы қолданылатын заңнамалыққа сәйкес осы Ереже негізінде әрекет етеді

5.2. Осы Ережеге қажет болғанда Қамқоршылық Кеңеспен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады.

5.3. Осы Ереженің әрекет ету мерзімі Қамқоршылық Кеңестің осы ұйымдастыру нысаны әрекет еткен мерзімде, немесе жаңа Ереже қабылданғанға дейін бекітіледі.

«№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы» КМҚК

қамқоршылық кеңесі отырысының

№1 хаттамасы

Өткізілген күні: 06.01.2025 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай-бақшасы меңгерушісі м.у.а., бөбекжай-бақшасы әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, бөбекжай-бақшасы меңгерушісі м.у.а. А.С.Тлепбергенова сөз алып, Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгерушісі м.у.а. А.С.Тлепбергенова қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына бөбекжай-бақшадағы тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы, ашық есік күнін ұйымдастыру сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2025 жылдың қаңтар айынан 2025 жылдың желтоқсан айына дейін бес отырыс өткізіледі деп шешті.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:


1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



С.Умиралиева

Хатшы:



Г.Т.Имангалиева

«№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы» КМҚК

қамқоршылық кеңесі отырысының

№2 хаттамасы

Өткізілген күні: 03.02.2025 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай-бақшасы меңгерушісі м.у.а., бөбекжай-бақшасы әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Бөбекжай-бақшасындағы тәрбиеленушілерге берілетін тағамның сапасына мониторинг жүргізу.
2. Бөбекжай-бақшасында науқастанудың алдын-алу және сауықтыру шаралары туралы.

Бірінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері бөбекжай-бақшасы мейірбикесі А.Н.Ибраевамен бірге балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындайтын бөлмелермен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Бөбекжай-бақшасының жазғы, қысқы 10 күндік ас мәзірімен танысты.

Күн тәртібіндегі **екінші мәселе** бойынша бөбекжай-бақшасы мейірбикесі А.Н.Ибраева балабақшада науқастанудың алдын-алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сонымен қатар, медико-профилактикалық шаралар атап айтқанда, дәруменді терапия С дәрумені кальциймен көктем-күз айларында берілсе, қыс мезгілінде желтоқсан айынан бастап тұмаудың алдын-алу үшін күнделікті берілетінін, мұрынга оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді. Сондай-ақ, жиі ауыратын балаларға дәрігердің тағайындауы бойынша физиотерапия жүргізілетінін де ескертті. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді:

Салтанат Молдабайқызы Умиралиева бөбекжай-бақшасының асханасына кіріп, бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Бөбекжай-бақшасының тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын, - деді.

Ерлан Утегенович Камзаев бөбекжай-бақшадағы науқастанудың алдын-алу бойынша жүргізілетін жұмыстарының барлығына қанағаттанамын, - деді.

Қамқоршылық кеңес құрамының төрайымы Салтанат Молдабайқызы Умиралиева қорытындылады. Ол жалпы бөбекжай-бақшасында балалардың тамақтануын ұйымдастыру және науқастанудың алдын-алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:


1. Бөбекжай-бақшасындағы тамақты ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелінсін.
2. Бөбекжай-бақшасында науқастанудың алдын-алу және сауықтыру шаралары бойынша атқарылған жұмыстарын тыңдай келе, қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



С.Умиралиева

Хатшы:



Г.Т.Имангалиева

Бекітемін

«№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы»
меңгерушісінің м.у.а.
А.С.Тлепбергенова



**«№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы» КМҚК қамқоршылық кеңесінің
2024-2025 оқу жылының жоспары**

№	Өткізілетін іс-шара	Өткізілу түрі	Мерзімі	Жауапты
1	Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.	Қамқоршылық кеңесінің отырысы	Қаңтар	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Балабақшадағы балаларға берілетін, тағамның сапасына мониторинг жүргізу.	Мониторинг жүргізу	Ақпан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	«1-маусым Балаларды қорғау күніне» орай қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп акция ұйымдастыру, өткізу.	Қамқорлық акциясы	Мамыр	Қамқоршылық кеңес мүшелері
4	Қамқоршылар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру	Ашық есік күні	Қазан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
5	Қамқоршылық кеңесінің есебі	Есеп беру	Желтоқсан	Бөбекжай-бақшасы меңгерушісі



БҰЙРЫҚ

5 қаңтар 2025 ж

Амангелді ауылы

ПРИКАЗ

№ 20

село Амангелды

**Қамқоршылық кеңес құрамын
жаңарту туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№23 «Ынтымақ» бөбекжай – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында Қамқоршылық кеңес құрылды.

2. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамы:

- Умиралиева Салтанат Молдабайқызы – Дамбы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы – қамқоршылық кеңес төрайымы
- Тюлегенова Зульфия Михайловна – Ата-ана комитеті төрайымы
- Камзаев Ерлан Утегенович – Құрманғазы мәдениет үйінің режиссері
- Кенжеева Нұрбақыт Даулбайқызы – Ата-ана комитеті төрайымы
- Утегалиева Света Сергеевна – Жеке кәсіпкер
- Капанова Молдир Асхаровна – Ата-ана комитеті төрайымы
- Мұхиев Ануар Орынбасарұлы – Жеке кәсіпкер
- Жамелов Ришат Мырзабаевич – полиция аға-лейтенанты
- Имангалиева Гульмира Тукпатоллаевна – қамқоршылық кеңес хатшысы.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау жауапкершілігі өзіме қалдырылсын.

Бөбекжай-бақшасы меңгерушісі м.у.а.:

А.С.Тлепбергенова